



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

10 шілде
сенбі

№54 (1756)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

WikiLeaks: Шындықтың өтеуі – ЖАЗА

Біз кейде ашықтық, сөз бостандығы секілді құндылықтарды зерделегенде азаматтық қоғам мен журналистиканың мән-маңызын ескере бермейміз. Бұл дамушы елге ғана емес, демократия ұстыны берік мемлекетке де тән қателік. Себебі соңғы уақытта журналистиканың ықпалы мен мүмкіндігін топшыламау мемлекеттік құпияны жариялау, геосаяси ахуалға ықпал ету сынды екіұшты тенденция әкелуде. Бұл Джейсон Дуглассың тілші Джулиан Ассанж туралы «The Wall Street Journal» басылымына жариялаған «АҚШ Ассанжды беруді сұрады» атты көлемді мақаласынан кейінгі ой еді...



Алдымен сәл шегініс жасап, «Апта бойы әлемдік басылымының назарында болған Джулиан Ассанж кім?», «Оны АҚШ-пен не байланыстырады?» деген сауалға жауап іздейік. Джулиан Ассанж – атышулы «WikiLeaks» ұйымының негізін қалаушы, аустралиялық интернет-тілші. Ұзақ жыл АҚШ-тың Ауғанстанда жасаған озбырлығы, әскери бюджет, мемлекеттік бұйрықтар, Пентагон туралы құпия құжаттарды жариялап, әлемді өзіне қараққан-тұғын. Тіпті ұйымның ресми сайты ашып, онда белгілі тұлғалардың заңсыз әрекетін әшкерелеп отырды. АҚШ тілшіні мемлекеттің құпия ақпаратын жариялады, тыңшылық жасады деп айыптап, тұтқындауға бұйрық шығарғанын айтқан болатын. 2010 жылдан бері мекен-тұрағын Лондонға көшірген Джулиан Ассанждың сол сәттен күйі тайып, бас сауғалаумен болды.

Қызығы, ол заңнан қашып, Эквадордың Лондондағы елшілігінде жеті жыл жасырынған. Алайда 2019 жылы Эквадор билігі тілшіні Ұлыбритания билігіне тапсырып, мәселені шешкендей болып еді. Содан бері АҚШ Ұлыбританиядан журналисті беруді сұрап, экстрадициялау туралы талапты тоқтатпауда. Ал екі жыл Лондонның Belmarsh түрмесінде қамауда жатқан Ассанж болса, үрейге бой алдырып отыр. Оған себеп те жоқ емес. АҚШ билігі Джулиан Ассанжға 175 жыл қамау туралы үкім шығарып қойған.

«АҚШ билігі Ұлыбритания Джулиан Ассанжды экстрадициялаған жағдайда оның барлық қауіпсіздігін сақтайтынын айтты. Тіпті кінәсін мойындаса, жазасын туған жері – Аустралияда өтеуіне де мүмкіндік береді екен. Осылай АҚШ «WikiLeaks» ұйымымен ұзаққа созылған тектереске нүкте қоймақ. Бүгінде экстрадициялау туралы талап Ұлыбританиядағы патша прокуратурасы, Лондон мен Уэльс прокуратурасына жолданған. Британдық сот талапты қарауға келісіп, отырыс күнін белгілеуді жоспарлауда. Басты бір талап – Ассанж мырза АҚШ-тағы ADX абақтысы мен қатан режимдегі Колорадо түрмесіне қамалмауы қажет.

Қазіргі таңда Джулиан Ассанждың қорғаушысы мен Заң министрлігі ресми мәлімет беруден бас тартып отыр. Мамандардың пікірінше, тілшінің жазаны туған елінде өтеуі мүмкін емес. Мәселен, Лондондағы «Peters&Peters» заң фирмасының өкілі Ник Вамос АҚШ-тың бұған дейін шетелдік қылмыскерлер мен терроризм бойынша айыпталған азаматтарға мұндай мүмкіндік бермегенін ескертті.

Байқағанымыз, тілшінің Лондондағы жағдайы да мәз емес секілді. Қатан режимдегі түрмеде жазасын өтеп жатқан Джулиан Ассанжға туған-туысымен қатар, жоғары лауазымды тұлғалардың өзімен кездесу қиындығы. БҰҰ мамандары журналистің құқықтары шектеліп жатқанын айтып, ел билігін шара қолдануға шақырды. Сондай-ақ мақалада автор парламент депутаты Джемери Корбиннің мынадай пікірін мысалға келтіріпті: «Мойындау керек, Джулиан Ассанж – АҚШ пен қуатты елдердің жасырғысы келген құжаттарды жариялаған тілші. Менің ойымша, оны бостандыққа шығару керек» деген.

4 БЕТТЕ

ҚОЛДАУ

Осы аптаның бейсенбісінде редакциядағы жігіттер жиналып, Қарауылтөбеге қарай бет алдық. Мақсатымыз – Аралдағы ағайынның төрт түлігіне жем-шөп дайындауға жәрдемдесу. Облыстық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған шараға жүзге жуық ерікті қатысты. Біз Қарауылтөбе ауылына жақындағаннан алдымыздан жастар ресурстық орталығының үлкен автобусы көрінді. Одан бөлек бес-алты жеңіл автокөлік бар. Барлығына көмекке қолын созған жастар мінгескен. Бәрінің ойға алған мүддесі ортақ, мақсаты бір. Бойларын жігер жаныған жастар ауыл маңында орналасқан күріш алқабының жиегіндегі шалғынға орақ салуды көздеп келеді.

АРАЛ, БІЗ СЕНІМЕН БІРГЕМІЗ!

- репортаж -



Сонымен межелі орынға да жеттік. Дархан дала төсін самал жел тербеп тұр. Бұл сол сәттегі жастарға жасалған Жаратқанның жәрдемі іспетті. Әйтпесе, бұған дейін Қызылорданың ми қайнатар ыстығы төбе тесердей еді.

Жол бойы алқапта егілген жоңышқа да көз жауын алардай көкпенбек. Сондай-ақ суға бастырылған сыр маржаны да жанына шуақ сеуіп тұр.

Шынын айту керек, атадан балаға мирас болған мал шаруашылығының жағдайы биыл мәз емес. Арал ауданында қуаңшылық орын алып, ондағы халықтың 500-ден аса малы өлген. Бұл – ресми деректегі сан ғана. Ал аман қалған төрт түлікке қажетті 9 мың тоннадан аса шөптің 22 проценти

сонда жеткізілген дейді мамандар. Бұған дейін мәселенің мән жайын облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өз бақылауында екенін мәлімдеді.

– Арал ауданында су жағдайына байланысты мал азығының жетіспеушілігі байқалып отыр. Осы ретте аймақтағы шаруа қожалықтары шөпті басқа облыстарға сатпас бұрын осы ауданға қолжетімді бағада ұсынуы керек. Бос жатқан егіс алқабының атыз жағалауындағы шөптерді жинауға жастарды, еріктілерді жұмылдыру қажет. Бірлік көрсеткен жағдайда ғана бұл кезеңнен шығамыз, – деді аймақ басшысы өз сөзінде.

3 БЕТТЕ

■ ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

«ДЕПУТАТ ҮШІН СЕССИЯДАН ҚИЫН СЫНАҚ ЖОҚ»



Бүгінде қалалық мәслихаттың 22 депутаты тұрғындар аманатын аркалап жүр. Олардың мақсаты – халық пен билік арасын жалғап, күрмеулі мәселелердің шешімін табу. Әрине, депутаттың да депутаты бар. Бұл қызметтің жауапкершілігін ұғынғандар халық қалаулысы болу тек төсбелгіні кеудеге тағып, сессия жиынына қатысу еместігін біледі. Осы орайда халық пен депутат арасын етене байланыстыру, олардың атқарып жатқан байыпты бастамаларын елге насихаттау үшін газетімізде «Депутат мінбері» айдары көпшілік назарына жол тартып жүр.

Мұны біздің тұрақты оқырмандарымыз жақсы біледі. Бұл жолы «Қазақстан Халық» партиясының облыстағы төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Талғат Телеубаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

2 БЕТТЕ

Сайлау болады. Бұл жолы халық ауыл әкімдерін сайлайды. Тұрғындар үшін ауыл әкімінің мәртебесі биік. Себебі ауыл түтінінің түзу болмағы да әкімге байланысты. Ауыл халқының айтар шағымы болса, ең алдымен маңдай тірейтіні де – ауыл әкімі. Сол себепті де бұл сайлаудың жөні бөлек.

ӘКІМ САЙЛАУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін сайлаудың маңызды екенін атап айтты. «Осы оқиғаны еліміздің тарихындағы айтулы белес деп айтуға болады. Негізі бұл біз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Азаматтарымыз тұнғыш рет жергілікті атқарушы биліктің басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болмақ. Біз бұған біртіндеп, жоспарлы түрде келдік», – деген Президент халықтың 40 проценттен астамы ауылда тұратынына тоқталып, бұл саяси шара ең алдымен ауыл тұрғындарының мүддесі үшін жасалып жатқанын жеткізді. Бір айта кетерлігі халық сайлаған әкімдерге артылар жауапкершілік жүгі де жеңіл болмайды.


«Әкімдер – биліктің әрбір елді мекендегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды. Сондықтан тиімді мемлекет және әділетті қоғам талаптарына сай болу үшін алдағы сайлауды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан тарихында алғаш рет тікелей дауыс беру арқылы әкімдер сайлауы шілденің соңғы он күнінде өтпек. Елде 700-ден аса ауылдық округ әкімі, ал аймақта 40 ауылдық округ әкімі тұнғыш рет халық сайлаған әкім ретінде тәуелсіз ел тарихында қалмақ. Әрине, ең бастысы, сайлаудың нәтижелі болып, сайланған әкімдердің ел сенімін ақтағаны маңызды.

2 БЕТТЕ

■ COVID-19

«ҮНДІ» ШТАМЫ: АЙЫРМАШЫЛЫҚ ҚАНДАЙ, ҚАУІП НЕДЕН?



2 шілдеде ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанның барлық өңірінде коронавирустың «үнді» штамы анықталғанын растады. Бұл туралы Үкімет жанындағы коронавирустың таралуын болдырмау жөніндегі ведомстваралық комиссия хабарлаған болатын.

«Әлемде коронавирустың «Дельта» штамының таралуына байланысты денсаулық сақтау министрлігі жаңадан анықталған вирус талдамаларына зерттеу жүргізді. 1 шілдеде 414 сынамаға жүргізілген зерттеу нәтижесінде 48,3 процент сынамадан «үндік» штамы анықталды», – делінген хабарламада. Алғашқы кезде вирустың жаңа түрі Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларынан анықталғанымен, кейін еліміздің барлық өңіріне таралып кеткені айтылды.

3 БЕТТЕ

ӘКІМ САЙЛАУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Жалпы сайлау тәртібі қалай? Әкім болғысы келгендерге қойылар талап қандай? Сайлау заңында атап көрсетілгендей, әкім сайлауына жасы 25-тен асқан, жоғары білімі және кемі бір жыл мемлекеттік қызмет атқарған немесе мемлекеттік органға жатпайтын ұйымда кемі екі жыл жетекші болып істеген азамат қатыса алады. Заңға сәйкес, үміткерлерді ұсынудың үш түрлі жолы көрсетілген. Бірінші, саяси партия ұсынады. Партия бір сайлау округінде бір ғана кандидат ұсынуға құқылы. Екінші, дауыс беруге құқығы бар тиісті округ сайлаушыларының жалпы санының кемінде 1 процентінен қол жинау арқылы өзін-өзі ұсынуға болады. Үшінші, ұсыну аяқталатын күні ескіден кем кандидат ұсынылса, аудан әкімі ұсына алады.

Жалпы ауыл әкімін сайлауға қоғам қаншалықты дайын? Қоғамдық саяси зерттеу институтының жүргізген сауалнамасына қатысқандардың 60 проценті сайлауға баруға дайын екенін білдірсе, 23 проценті әлі нақты шешім қабылдамағанын айтқан. Сауалнамаға елдегі 134 ауылдан 2936 тұрғын қатысқан.

Әкімді халық сайлау мәселесіне саясаткерлердің пікірі қандай? Саясаттанушы Айдос Сарым әкім сайлауы қоғам үшін қажет екенін айтады. Сайлау барысында аймақтық ерекшеліктер, басқа да көзқарастардың болмай қалмайтынын айтқан саясаттанушы осының бәрін қоғам өту керектігін, осы сайлаудан кейін кем-кетікті ескеріп, заңнаманы да түзетуге болатынын айтқан.

Орайы келгенде саясаткер Дос Көшімнің пікірін білу үшін арнайы хабарластық.

— Бұған дейін ауыл әкімдерін халықтың атынан жергілікті мәслихат сайлады. Өрине, енді тікелей халықтың сайлауы алға басқан қадам екені даусыз. Дегенмен мәселе де жоқ емес. Мен ауыл әкімін сайлағаннан гөрі, жергілікті өзін-өзі басқару қажеттігін 2003-тен бері айтып келемін. Әр ауылда жергілікті өзін-өзі басқару болса, бұл мәселе өз-өзінен шешімін табар еді. Ауылды басқаратын бір адам емес, бір топ керек. Жергілікті басқарудың да тиімділігі осы. Тағы бір мәселе ауылдарда жергілікті бюджет жок есебі. Қаржысы жок әкім ұзаққа бара алмайтыны белгілі. Келесі мәселе — халықтың сайлауға деген сенімі. Ауыл азаматтары өзін-өзі ұсынбай қалар ма екен деген қауіп бар. Тағы бір айта кетерлік мәселе — үміткерлерге қойылған талапқа қарсымын. Үміткердің жасы, білімі, мемлекеттік қызметте кемі бір жыл жұмыс істеу талабы қойылмау керек еді. Мұндай талап ешбір елдің тәжірибесінде жоқ. Осындай талап болса, электрик Лех Валенса Польшаның президенті болмас еді. Халық кімді сайлайтынын өзі шешу керек еді. Бұл талап жана есімдердің келуіне кедергі болады, — дейді.

Ал «Nur Otan» партиясының Қызылорда облыстық филиал төрағасы Ләйлі Төрешова өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында: «Еліміздегі саяси жаңғырудың жана кезеңін айғақтайтын өте маңызды бастаманы алғаш рет Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтқан болатын. Осыған орай ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлауды енгізу мақсатында 2020 жылғы жалпыұлттық жоспар шеңберінде сайлауға қатысты бірнеше заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол өзгертулер мен түзетулер «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңға, «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Саяси партиялар туралы» заңдарға қатысты болды. Заңнамалардың жаңашылдығы — тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы ауыл әкімдерін сайлау. Бұрын жанама түрде сайланған ауыл әкімдерінің өкілеттігі тоқтап, ендігі әкімдер тікелей сайлау арқылы таңдалады. Бұл тұрғыда ауыл әкімдігіне үміткерлерді саяси партиялар арқылы ұсыну немесе кандидаттың өзін-өзі ұсынуға мүмкіндігі бар. Бұл да еліміздің саяси дамуындағы үлкен бір айтулы оқиға, жана бір кезең. Ауыл тұрғындары өз әкімдерін тікелей сайлап, сол арқылы өздерінің саяси құқықтарын кең ауқымда жүзеге асырудың тағы бір қосымша мүмкіндігіне ие болады» деп пікір білдірті.



Саяси ғылымдарының кандидаты Сәулет Сахиев ауыл әкімдерін сайлауға қоғам дайын деп есептейді.

— Ауыл әкімдерін сайлау бүгін немесе кеше пайда болған мәселе емес. Себебі демократиялық мемлекет болғандықтан билік басына сайлау арқылы келу қалыпты жағдай. Бұл саяси өзгеріс, жаңашылдық әкеледі деген сенімдемін. Ауыл халқы өзінің ойында жүрген, ауылда туып-өскен, ауыл проблемасын шешуге ынталы азаматты сайлауы — демократиялық сатыға көтерілудің жана қадамы. Бұған дейін сайлауға қатысып, таңдау жасап жүрген қоғам әкім сайлауына да дайын деп есептеймін. Дегенмен бір ескеретін жағдай — сайлау талабы. Сайлау талабы бойынша үміткердің мемлекеттік қызметте тәжірибесі болуы кейбір мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген іскер ауыл азаматтарының бағын сынауға кедергі болайын деп тұр. Екінші мәселе — бюджетке тіреледі. Ауыл әкімі өзінің автономды бюджеті болғанын қалайды. Әр ауылдың проблемасы бар. Сол түйткілді орталық арқылы емес, ауылдың өз бюджеті арқылы шешуге бел буып жатады. Сондықтан осы мәселелер алдағы уақытта шешімін табады деген ойдамын. Бұл сайлау қоғамға жана өзгеріс әкеледі. Тіпті сайлау нәтижелі болып жатса, келешекте аудан әкімін, облыс әкімін сайлау күн тәртібіне шығуы мүмкін. Бұл еліміздің дамуына үлкен тәжірибе. Сондықтан бұл әкімдер сайлауы оң нәтижесін береді деген ойдамын, — дейді.

Саясаткерлердің қай-қайсысы да атап өткендей, сайлау талабындағы кейбір мәселелер тәжірибеде сыналмақ.

Бүгінде аудандық сайлау комиссиялары әкім сайлауын өткізуге сақалай сай деуге негіз бар. Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Садық Әлиев сайлау

P.S. Сайлау бір күнде-ақ бітеді. Ең бастысы, бұл сайлаудың ауылдың бағын ашатын, жанашыр, білімді де білікті әкім таңдауы.



өткізуге дайындық барлық талапқа сай жүргізіліп жатқанын айтты.

— ҚР «Сайлау туралы» заңына толықтырулар мен өзгерістердің күшіне енуіне орай аудандық бағыныстағы қала, кент, ауылдық округ әкімдерін төте сайлау өткізуге байланысты үстіміздегі жылдың 25 шілдесінде аудандағы 4 ауылдық округ әкімдерін сайлау жөніндегі шешім қабылданып белгіленді. Ауданда 4 сайлау округі құрылды. Ол бес елді мекенді қамтиды. Яғни 4 сайлау округінде 1 аймақтық комиссия, 5 учаскелік комиссия жұмыс істейді. Комиссия құрамында барлығы 42 адам бар. Аудандық сайлау комиссиясының ауылдық округ әкімдерін сайлау бойынша құрылған сайлау учаскелері жұмысқа кірісті. Ауылдық округ әкіміне кандидаттар ұсыну осы жылдың 9 шілдесіне дейін, ал оларды тіркеу 14 шілдеге дейін белгіленген. Бұл жөнінде аудандық газетте жарияланып, аудан халқы түгел хабардар болды. Аудандағы Қаракеткен, Бұқарбай батыр, Аққыр, Аламесек ауылдық округ әкімдіктеріне кандидаттарды өзін-өзі ұсыну жолымен ұсыныс түсіп жатыр. 9 шілде күнгі сағат 12-00-ге дейінгі мәлімет бойынша барлығы 12 кандидат ұсынылса, оның 4-і партиядан, қалғаны өзін-өзі ұсынғандар. Сайлау науқанының басталуына орай арнайы күнтізбелік жоспар белгіленген. Күнтізбелік жоспарға сәйкес барлық жұмыстар атқарылуға. Сайлау қарсаңында заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру мақсатында екі рет семинар-кеңес өткізілсе, 30 маусым күні нақты сайлау өтетін учаскелердің комиссия мүшелері үшін семинар-кеңестер ұйымдастырылды. Қазір барлық сайлау учаскелері жұмыс істеуде, заң талаптарына сәйкес жабдықталды. Сайлау кезінде елдегі жағдайға байланысты барлық сақтық шаралары сақталады. Сайлау ұйымшылдықпен өтеді деп жоспарлаудамыз, — дейді ол.

ӘКІМ БОЛСАМ ДЕП ЕДІМ...

9 шілде — кандидаттарды ұсынудың соңғы күні. Әкім болғысы келетіндердің жайын білмек мақсатта облыстық сайлау комиссиясына хабарластық. Түске дейінгі мәлімет бойынша барлығы 144 кандидат ұсынылыпты. Оның 53-і партиядан, қалғаны өзін-өзі ұсынғандар. Әкім болуға үміткер 144-тің ішінен 93 үміткер талапқа сәйкес деп танылған. Бүгінгі күнге дейін олардың 39-ы тіркелген. Тіркелгендердің 34-і партиядан, 5-і өзін-өзі ұсынғандар.

Әкім болудан үмітті, ұсынылған кандидаттардың арасында 8-і әйел. Үміткерлердің ең жасы 25-те, ең үлкені 62 жаста. Әкім болудан үміттілердің арасында мұғалімдер көп бастап тұр. Атап айтқанда ұсынылған кандидаттардың 34-і мұғалім, 32-і заңгер, 31-і экономика, қаржы саласының мамандары, 19-ы инженер-технолог, 2 агроном, 2 IT саласының маманы, 6 ветеринар, 5 жергілікті өзін-өзі басқару мамандығын игерген, 15-і түрлі мамандық иесі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Шаһар басшысы Ғанибек Қазантаев аймақтағы су шаруашылығы қызметкерлерін қабылдап, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



«Адамзат пен табиғат үйлесімінде тіршілік көзін реттеп отырған сала қызметкерлерінің еңбегі ерен. Мамандығына адалдық танытып, әрбір тамшының ысырап болмауына барын салып, бүгінгі қиыншылықта атқарып отырған жұмыстарыңызға алғысымды білдіремін. Құрғақшылық алқымнан алған тұста кенезесі кепкен көлдер мен табанынан шаң бұрқыраған атыздарға Сырдың суын үнеммен үлестіріп, Жер-Ана бұлағын байыпты болжаммен бағыттаған берекелі істеріңізді халық біледі. Жылдың төрт мезгілінде дамыл таппай, су бөліп беру шаруасын ұқыптылықпен атқаратын гидротехник мамандарының тапшы екендігін жақсы білеміз. Дегенмен жауапкершілік жүгін, артылған сенім үлесін биік қоятын сала майталмандары әр кезде де мәртебе мінберінде болуы тиіс. Бұл салада кәсібіне деген құрметті ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан сала ардагерлері мен мамандарға адал еңбектері үшін

ризашылық білдіргім келеді. Қазіргі таңда дарияның солтүстік сағасындағы бірнеше су реттегіш қондырғыларына жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары су тап-рап болмауына барын салып, тигізеді деп сенемін. Алқалы елді абыржытқан ахуал ағыны да өтер. Бастысы сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында молшылыққа кенелейік», — деді қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы.

Бүгінгі басқосуда шаһар басшысы «Қызылордасуар» өндірістік учаскесінің басшысы, қалалық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетовке «ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Су шаруашылығы ардагері» төсбелгісін табыстаса, «Қызылордасуар» өндірістік учаскесінің бас маманы Аяғөз Аманқараеваға Қызылорда қаласының «Құрмет грамотасымен» марапаттады. Одан әрі қиын кезеңде атқарған еселі еңбектері үшін осы саланың мамандары қала әкімінің алғыс хатына ие болды.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев қаладағы түрлі бағыттағы мәселелерді назарға алып, шешілу жолдарын қарастыру мақсатында әр нысанды құрделікті аралауда.

Қала әкімі «Титов» қыстағындағы шағын кәріз сорғы станциясына барды. Мұнда кәріз суларды автокөліктерден қабылдау үшін «Қызылорда су жүйесі» мекемесі «Титов» қыстағы Қашаубаев көшесінің бойынан шағын кәріз сорғы станциясын салып, ең насос қондырғысын орнатқан болатын. Айналасы ашық жатқанын көрген шаһар басшысы жан-жағын қоршап, тұрғындарға зиян келтірмеу үшін тиісті жұмыстардың жасалуын сала басшыларына тапсырды.

Сондай-ақ, келешекте кәріз су қабылдау пунктін заманауи үлгіде салу мақсатында жобалар қарастырылып жатқанынын да жеткізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

«ДЕПУТАТ ҮШІН СЕССИЯДАН ҚИЫН СЫНАҚ ЖОҚ»

— Осы уақыт ішінде депутаттық мандат сізге не берді немесе нені ұғындырды?

— Біріншіден, депутаттық мандат мен үшін атак пен абырой емес, ол — халықтың аманаты. Екіншіден, мәслихатқа абырой жинау үшін емес, оны сақтау үшін келдім. «Адамға билік бер, сосын оның кім екенін білесін» дейді ғой. Өзімді осы жолда сынап, одан әрі шындағым келеді. Қаншама жыл осы саясаттың төңірегінде жүріп, партияда қызмет етті. Дегенмен депутат болудың да өз ерекшелігі бар екен. Депутат — халықтың биліктегі сенімді өкілі. Сондықтан олар өздеріне артылған сенім жүгінін зор екендігін әрдайым естен шығармайды. Бүгінде біз халықтың игілігі жолында биліктің өзге буындарымен ынтымақтастықта, бүгін бір құрылым ретінде халыққа қызмет етудеміз. Бұл ретте мәслихат одан әрі шыңдалуына және халықпен етене жұмыс жасаудағы тәжірибемнің артуына үлес қосуда. Қазіргі уақытта халықтың талап-тілегі қаншалықты өзгерсе, депутаттардың жауапкершілік жүгі соншалықты артты. Сондықтан қала тұрғындарымен жиі кездесіп, толғандырып жүрген мәселелерінің шешімін табуға барынша атсалысып жүрмін. Менің түсінігімде депутат сөзін емес істің адамы болуы керек. Сайлаушы мен депутат арасындағы байланыс қоғамдық қабылдаулар арқылы орнайтындығы белгілі. Қазір жергілікті тұрғындар көбінесе әлеуметтік желілер арқылы мәселелерін көтеріп отырады. Барынша сол мәселенің онтайлы шешілуіне атсалысым.

— «Қазақстан Халық» партиясының негізгі мақсаты қандай? Сайлауды бағдарламаның туралы және оның орындалуы барысы жөнінде айтып өтсеңіз?

— «Қазақстан Халық» партиясының басты құндылығы — адам. Ал негізгі

Басы 1-бетте

мақсаты — әділетті әлеуметтік қоғам құру. Біздің ұранымыз — халық, жер және әділдік. Партия бес бағыт бойынша жұмыс істейді. Атап айтсақ, әлеуметтік әділдік, әлеуметтік мемлекет, халықтық экономика, ұлт қауіпсіздігі, сыртқы саясат. Осылайша түрлі саланы қамтып отыр. «Халық — Құдайдың бір аты». Қашанда қарапайым халықтың әлеуметтік ахуалы мен тұрмыстық жағдайы назардан тыс қалған емес. Бүгінде әр қазақтың алдынан шығатын мәселе ол — жұмыссыздық. Сонымен бірге баспана мәселесі де өзекті болып тұр. Бір байқағаным жұмыспен қамту орталығында жұмыссыздықты жою мақсатында түрлі бағдарлама жүзеге асуда. Атап айтсақ, «Еңбекі», «Еңбек» бағдарламасы аясында қайта даярлау курстары бар. Осының барлығына мемлекеттен қаншама қаражат бөлінеді. Бірақ нәтижесі қандай? Мәселен, мұнда мың адам оқыса, оның 10 проценті ғана жұмыс табады. Міне, осы жағдай алаңдатады. Өйткені бюджеттің қаражаты айналып келгенде халықтан түсіп жатқан ақша ғой. Сондықтан бағдарламаға салғырт қарамай, жауапкершілік танытып, нәтижелі жұмыс ұйымдастыру керек. Осыған орай жұмыспен қамту бойынша үкіметтік емес ұйымдар арқылы әлеуметтік жобаларды қолға алуды ұсындым. Мәселен, онда жұмыспен қамти отырып, орта және шағын кәсіпкерлікті жіті түсіндіріп, психологиялық тренингтер өткізуді қолға алу қажет. Нәтижесінде 50 адамның 25-не жұмыс табылса, үлкен жетістік болар еді. Қазіргі кезде бұл ұсынысым қолдау тауып, байқау жарияланып, үкіметтік емес ұйымдар құжаттарын тапсыруда. Біз осы бағытта тегін кеңес беріп, көмек көрсетуге қанша да дайынбыз. Ал баспана мәселесіне келсек, қазір «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы көпқабатты тұрғын үйлер салынууда. Өткен жылдары 40 пәтерлі үйді салу үшін шамамен 500 млн-дай ақша кетті. Ал қазір бұл қаражаттың екі



есесі жұмсалады. Аталған бағдарлама бойынша екінші деңгейлі үйлерді де алуға мүмкіндік бар. Сессия барысында мен осы мәселені көтеріп қозғап жүрмін. Нәтижесінде біз 40 адамға үй бергенше, сол қаражатқа 100 адамды баспаналы етпесек?! Мамандардың айтуынша бұл мемлекеттік сатып алудың заңына қайшы екен. Себебі екінші нарықтағы баспананың иелері жеке тұлғалар болғандықтан келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Соған байланысты комиссия құрып, заңдылығын жан-жақты зерттеп, оны реттеп, қырық емес, жүз отбасын қуантсақ деймін. Қазір біздің партиядан қалалық мәслихатқа екі депутат бар. Бірі мен, енді бірі осы салада тәжірибесі мол Қайрат Ернәзаров. Ол да мұқтаж жанға көмек қолын созуға әрдайым дайын тұратын азаматтың бірі. Алайда «судың да сұрауы бар», қандай істің де нәтижелі болғанын қалайды. Бүгінде кеуіміз бірігіп, осы мәселелер төңірегінде біраз жұмыстарды жоспарлап жүрміз.

— Дәл қазіргі уақытта күйін тұрған қандай мәселелерді атайсыз?

— Біз неге азық-түлік басқа мемлекеттен сатып аламыз? Осы сұрақ мені қатты мазалайды. Бұрын картоп, сәбіз, жуа, қырыққабат секілді бақша өнімдерін өзіміз өтетін едік.

Алайда қазір жастар ауылдан қалаға келуде. Содан келіп жұмыссыздық мәселесі күрделеніп, түрлі қылмыстар көбейді. «Ауылда береке бар» деп бекер айтпаса керек. Себебі ауылда егін, мал шаруашылығын қолға алуға мүмкіндік зор. Бүгінде бұл шаруа тұралап қалды. Өйткені қазір ауылда тек үлкен кісілер ғана тұрады. Ал жұмысқа жарамды апталдай азаматтар қалада жұмыссыз тұр. Солар елге барып, егін егіп, мал ұстаса тапшылық емес, молшылық болар еді. Өрине, сырттан келген өнімнің сапасы сын көтермесе де бағасы шарықтайды. Өйткені оған сұраныс көп. Қалалық әкімдіктің қаладағы әлеуметтік дүкендердің, келісім-шартқа отырған сауда үйлерінің ғана бағасын реттеуге құқығы бар. Қазір азық-түліктің бағасы күн сайын шарықтауда. Қарап отырсақ, халықтың күнкөріс деңгейі төмен. Оған бірден-бір себеп айлықтың аздығы. Сондықтан ауыл шаруашылығына баса назар аударып, жауапкершілікті арттырып, егін шаруашылығын қайта қолға алған жөн.

— Халық қалаулылары қандай мәселелерді шешуде ұзақ талқылауға барады?

— Өкілеттік мерзімде депутаттық корпус тиісті салалар бойынша ең маңызды мәселелерді зерделеп, сессия қарауына шығарып, оның орындалу барысын бақылауда ұстаймыз. Осы орайда депутаттар тарапынан көтерілген кез келген мәселеге жауапкершілікпен қарап, шешімін табуға ықпал жасаған қала басшылығына ерекше алғыс білдіргім келеді. Жалпы қала бюджетін бекіту мен нақтылау ұзақ әрі қызу талқыланады. Себебі әрбір депутат сайлаушылар аманат еткен мәселелердің бюджетке енуіне бар күш-жігерін салуға тырысады. Ол орынды да. Дегенмен барлығын бір мезетте шешу мүмкін емес. Бірақ мәселелердің ұзақ және қысқа мерзімге бағытталған жоспарларға енгізілуіне барынша күш саламыз.

— Өзіңізге мәлім, жолақының жырты бітпейді. Осыған дейін жетпіс жастаң асқандар қоғамдық көлікте 45 теңге төледі. Ал қазір бұл жеңілдік жок. Себебі неге?

— Жолақының бағасы өсетін кезде қоғам белсенділері бірігіп, әкімдік қызметкерлермен кездесіп, жан-жақты талқыға салдық. Сол кезде жолақы 90 теңге болып бекітілді. Бұл сұрақты әлі күнге дейін қозғап келемін. Жақында ғана депутаттарға бөліп-жармай зейнеткерлердің барлығына жеңілдік қарастыруды ұсындым. Оны сессияда талқылау үшін арнайы хат дайындалып жатыр. Алдағы уақытта барлығы бір ауыздан мақұлдаса, бұл мәселе де өз шешімін табады деген ойдамыз.

— Қала тұрғындарының ең көп көтеретін мәселесі қандай?

— Біз айына бір рет қала әкімімен кездесу өткіземіз. Сонда көпбалалы аналарға берілетін көмек қызу талқыланады. Әр депутат өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, жан-жақты саралайды. Мен де бұл мәселеде қалыс қалмаймын. Біраздан бері зерттеп жүрген тақырыбым болғандықтан өз ұсынысымды ортаға тастадым. Расында мемлекет қолдауына шын мұқтаж от-

басылар бар. Дегенмен баласының ауруын сылтау етіп, басқа нәрсеге ақша сұрайтындар да кездеседі. Сондықтан оларға ақшалай бермей, мұқтажын заңтай алып берген жөн. Сондай-ақ азық-түлікті де үйіне жеткізіп беру қажет. Алдағы уақытта қолына ақша емес, заңтай беру керектігін ұсындым. Себебі әр адам өзі үшін өмір сүру керек. Қоғам психологиясын осылай өзгертуіміз қажет. Жоғарыда айтып өткенімдей мемлекет қаржысы қарапайым халықтың, яғни, сіз бен біздің қаражаттымыз. Сондықтан оның орынды жұмсалғанын қалаймын. Бүгінде отбасы институты жоғалып бара жатыр. Аймағымызда қаншама қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Солар халыққа отбасы құндылығы туралы кеңінен дәріптесе екен. Сондай-ақ қазір билік пен халық арасында өркениетті байланыс жоқ. Осы мәселенің де өз шешімі табылса, басқа да көп мәселелер кезек күттірмес еді. Сөзімізбен ісіміз бір болу керек. Өкінішке орай қазір олай емес.

— Сессияда шешімге келіспей, қалыс қалған кездеріңіз болды ма?

— Шынымды айтайын, осы уақытта дейін қалыс қалған кезім болған жоқ. Бірақ кейбір басшылар өз есебін оқығанда, ақпараты дұрыс болмаса, толық дайындалмаса кейінгі сессияға «пісіріп» келіңіз деп кері қайтарамыз. Бұл мәселеге немқұрайлы қарауға болмайды. Себебі біздің артымызда қаншама халықтың аманаты тұр. Менің ойымша, мәселе қалыс қалу, қалмауда емес. Бастысы ел игілігіне лайық шешім қабылдауға атсалысу. Депутат үшін сессиядан қиын сынақ жоқ. Өткенде бір сессияда бір депутаттың қалыс қалғаны есімде. Оның шешімге нәтижесін білдіретіндігінен өзі сұхбат бергенде айтады деген ойдамын.

— Уақыт бөліп, әңгімелескеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан

Ақмарал О.ЖАБАЕВА

Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

АРАЛ, БІЗ СЕНІМЕН БІРГЕМІЗ!

Өз кезегінде облыстық жастар ресурстық орталығы «Аралға көмектесейік» атты үндеу жариялап, оған аймағымыздың түкпір-түкпірінен қолдау көрсетушілер қатары күн санап артуда. Қиналғанға қол ұшын беріп, жабыққанның жанынан табылу халқымыздың қанында бар қасиет. «Көңіл көңілден су ішеді» дейді байырғы бабаларымыз. Біз де осы мақсатпен көптің қатарына қосылдық. Үндеуге қолдау көрсеткен қала жастары Қарауылтөбеден табылды. Шөп оруға «Жасыл ел» еңбек жасағының елуге жуық өкілі, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері және жастар орталығының қызметкерлері де барды. Ө дегеннен білек сыбанып, жұмысқа кірістік.

Облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Азамат Мүкеев өзі бас болып, шөп оруға кірісті. — Арал ауданындағы экологиялық жағдай Сыр жастарын да алаңдатып отыр. Сондағы су тапшылығы

Қиналғанға қол ұшын беріп, жабыққанның жанынан табылу халқымыздың қанында бар қасиет. «Көңіл көңілден су ішеді» дейді байырғы бабаларымыз. Біз де осы мақсатпен көптің қатарына қосылдық. Үндеуге қолдау көрсеткен қала жастары Қарауылтөбеден табылды. Шөп оруға «Жасыл ел» еңбек жасағының елуге жуық өкілі, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері және жастар орталығының қызметкерлері де барды.

тұрғындардың ата кәсібінің құлдырауына әкеп соғуда. Осы ретте аймақ жастары аралдық жерлестеріне гуманитарлық көмек көрсету мақсатында облыстық жастар ресурстық орталығы жариялаған «Жастардан жәрдем» атты акцияға үн қосуда. Игі шараға аймақтағы барлық аудан жастары атсалысуда. Алпта соңына қарай жастар мен еріктілердің еңбегімен және кәсіпкерлер мен меценаттардың қолдауымен жинақталған жем-шөп, мал азықтары «Жастардан жәрдем» атты керуен болып, Арал ауданына жолға шықпақ, — делі ол.

Бір кештің өзінде бір көлікке жүк боларлық шөп орылды. Бұл тек бастамасы ғана дейді белсенді жастар. Облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Азамат Мүкеевтің айтуынша, Аралға көмектесемін деген кәсіпкерлер де бар көрінеді. Осындайда жұдырықтай жұмылған жұрттың ынтымақты тірлігіне разы боласын. Құлды бір дүйім жұрт «Арал, мен сенімен біргемін!» деп тұрғандай әсер қалдырады. Қаламды ораққа айырбастап, еріктілермен бірге шөп оруға барған біз күн бата егістік алқаптан қалаға қарай бет түзедік.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



Мұндайда қарап тұруға болмайтынын түсінген жастар ширақ қимылдай бастады. Біз жұмыс істеп жүріп, шабындыққа барған ауыл тұрғынын әңгімеге тарттық.

— Қарауылтөбе ауылында орылатын шөп жеткілікті. Өзіміздің жергілікті тұрғындар өздеріне тиесілі орындарды белгілеп, содан орады. Мұндай аты жаман қуаңшылықтың бұрын болғанын екелерімізден еститінбіз. Халқымызда саулық сұрасқанда «Мал-жаның аман ба?» деп жатады. Қазақ халқы үшін төрт түліктің орны бөлек. Бұйырса, бұл қиындықтан да іркілмей шығамыз деп ойлаймын. Шабылған шөптің межелі орынға жеткізілуі міндеттелген мекемелерге байланысты. Шараға шарапатын тигізген жастарға аталық алғысымды айтамын, — дейді Қарауылтөбе ауылының тұрғыны Тынымбек Сейілханов.



Басы 1-бетте

«ҮНДІ» ШТАМЫ: АЙЫРМАШЫЛЫҚ ҚАНДАЙ, ҚАУІП НЕДЕН?

Араға бір күн салып өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз жиынында облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова Қызылорда облысында да үнді штамын жұқтырғандар бар екенін мәлімдеді. Басқарма мәліметінше, аймақта 22 адамнан алынған сынаманы республикада тексеру нәтижесінде 13-нен «Дельта» штамы анықталған.

Негізінен коронавирустың мутацияланған түрінің «үнділік штамм» деп аталуының себебі — 2020 жылдың қазанында Үндістанда анықталуы. Сол уақыттан бері мамандар вирустың В.1.617.1, В.1.617.2 және В.1.617.3 түрін анықтады. Олардың әрқайсының генетикалық құрамы өзгеріске ұшыраған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы соның ішінде «Дельта» штамын, яғни үнділік штамды аса қауіпті деп мәлімдеді. Бұл вирустың түрін барынша алдын алып, таратпауға тырысқанымен әлем елдеріне тарап кетті. «Бұл вирустың қауіптілігі қандай және қалай сақтануға болады?» деген сұрақ көптің көкейінде жүргені анық. Осыған орай вирус туралы соңғы ақпараттар, мәліметтер мен сақтану жолдарын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Жалпы вирустың қай түрі болса да үнемі өзгеріп, мутацияға ұшырап отырады. Олардың жаңа түрі бұрынғысынан да қауіпті болуы мүмкін. ДДСҰ ұйымы коронавирустың жаңа түрлеріне атау да берді. Мысалы, альфа (британдық), бета (оңтүстік-африкалық), гамма (бразилиялық), дельта (үнділік). Мамырда денсаулық сақтау ұйымы үнділік штамның әлемге таралуына байланысты оны «қауіпті түрлер» қатарына қосты.

2021 жылдың мамыр айында Үндістандағы Ұлттық вирусология институтының зерттеушілері үнділік штамға талдау жасап, вирустың ақуызынан 8 түрлі мутация тапқан. Ол мутацияның екеуі вирустың тез таралуына көмектессе, вирусқа қарсы имунитетіне қарсы тұрады екен. Ағылшындық эксперттер «Дельта» штамын бұрынғыдан 50 процентке қауіпті деп мәлімдесе, неміс ғалымдары

Басы 1-бетте



тез таралатынын және антиденелерге төзімді болып келетінін мәлімдеді.

Вирустың тез таралуынан бөлек ғалымдар оның ерекше симптомдары бар екенін де анықтаған. Оның ең басты белгісі — тұмау, бас пен тамақ ауруы. Одан бөлек дене температурасының көтерілуі мен жөтел де бар. Сол себептен бұл вирусты жұқтырғандар оны жай тұмау деп қабылдауы мүмкін.

Хомықтарға жасалған эксперимент нәтижесінде «Дельта» штамы өкпенің тез қабынуын туғызатынын анықтаған. Одан бөлек «Nature» журналы әлемдік зерттеушілерге сауалнама жүргізіп, жаңа штамның қазіргі кезде қолданыста жүрген ем-дом шараларына төзімді деген қорытындыға келген.

Қазіргі кезде бұл вирусқа төтеп берудің басты жолы — жаппай вакциналау. Дәрігерлер мен ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша барлық вакцина «Дельта» штамына төтеп беруге қауқарлы. Екпенің тиімділік сапасы сәл төмендегенімен, оның вирустың алдын алуда қауқары жоғары бағаланып отыр.

«Public Health England» жүргізген зерттеудің қорытындысы бойынша «AstraZeneca» вакцинасының екі дозасы вирусқа төзімділігі жағынан ең жоғарғы көрсеткішке ие болған. «AstraZeneca»-ның «Дельта» штамына қарсы түру тиімділігі 92 процентті, ал «Pfizer-BioNTech» вакцинасы 88 процентті көрсеткен. Сондай-ақ бақылау барысында жаппай вакциналау үнділік штамның таралуының алдын алатыны анықталған. Ал ДДСҰ өз кезегінде ви-

рустан зардап шегіп отырған елдерді вакциналауға көмектесу керек екенін айтты.

Әлемдегі және ел ішіндегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты 2 шілдеден бастап Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Ерлан Қиясовтың жаңа қаулысы күшіне енді. Қаулы бойынша барлық облыс, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, «Атамекен» ҰКП, ұлттық компаниялар, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар 15 шілдеге дейін қаланың бірінші компонентін, ал 15 тамызға дейін екінші бөлігін ұйымдастыруы тиіс. Ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстарды да күшейту тапсырылды. Жаңа қаулыны дайындау барысында Бас санитар дәрігер Ерлан Қиясов Ата заң мен Денсаулық сақтау кодексі және профилактикалық еkle жүргізу қағидаларына сүйенгенін айтты.

Қаулы бойынша «Covid-19» вирусына қарсы вакцина салдырмағандардың жұмысқа жіберілуіне шектеу қойылып отыр. Олар жұмысқа келу үшін апта сайын ПТР-тест тапсыруға міндетті. Денсаулыққа вакцина алуға жарамайтын және соңғы 3 айда коронавируспен ауырғандар тест тапсырмауына болады.

Дәрігерлердің айтуынша, «дельта» штамы әдеттегі вирусқа қарағанда жылдам тарап, бір мезетте 6-7 адамға жұғады. Сондай-ақ індеттің салдары өте ауыр. Адам есту қабілетінен айырылды, тіпті қайтыс болуы мүмкін.

Қазіргі таңда эпидемиологиялық ахуал да күрделі жағдайда. Мәселен, 8 шілдеде облыста коронавирус инфекциясын жұқтырған 46 жағдай тіркелді. Қызылорда қаласында — 29, Аралда — 8, Қазалыда — 3, Жалағашта — 1, Сырдарияда — 2, Шиеліде 1 және Жаңақорғанда 2 адам вирус жұқтырған. Оның 33-і симптомды, 13-і симптомсыз жағдайлар. Вакциналау науқаны бойынша, аймақта екпенің I компонентін 178 790 адам, ал II компонентін 97 333 адам салдырған. Ал елімізде вакцинаның екі компонентін толық алғандар саны 2 336 019 адамды құрады.

Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

Шаһардан тазалықшылар күн сайын 200 тонна тұрмыстық қалдық, яғни қоқыс шығарады екен. Ол қалдықтың барлығы арнайы полигондарға жеткізіледі. Биыл 1 шілдеден бастап осы тұрмыстық қатты қалдықтарға қатысты экологиялық кодексте арнайы бап күшіне енді. Ондағы 350-інші бапқа сәйкес енді тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптамай көмуге тыйым салынады. Заңға сәйкес өңірдегі қоқыс полигондары қалай жұмыс істеуде?

350-інші бап. ҚОҚЫСТЫ ҚАЙДА ТАСТАЙМЫЗ?




Облыстық экология департаменті ұйымдастырған баспасөз турында бір-қатар тілшілер қауымы арнайы қоқыс өңдейтін полигондарға барды. Қазіргі кезде облыста қалдықтарды сұрыптау мақсатында «Ибрайхан и К ЛТД», «Smart Rubber» ЖШС, «Эко-Н Сервис» серіктестіктері жұмыс істейді.

Мәселен, «Ибрайхан и К ЛТД» серіктестігінің полигонында жинақталған шыны, автошина, пластик,

бұл полигоннан күніне 5-10 тонна ғана шикізат алынады екен. Қалған қалдықтар арнайы шұңқырларға көміледі.

— Полигон жыл-он екі ай жұмыс істейді. Кешеннің қуаты жылына 60 мың тонна, ал сағатына 26 тонна тұрмыстық қалдықты сұрыптауға жетеді. Жарамды деп танылған қалдықтар арнайы престеліп, қоймада жиналып, Шымкент, Алматы секілді қалаларға жі-



мата, құрылыс пен тамақ қалдықтары сұрыпталыады. «Smart Rubber» ЖШС автокөліктердің жарамсыз шиналарын қайта өңдеп, тамшылатып суаруға арналған түтіктер өндіреді. «Эко-Н Сервис» мекемесі құрамында сынабы бар істен шыққан шамдарды залалсыздандыруды жүзеге асырады.

— Белкөл кентінен 7,5 шақырым қашықтықта орналасқан «Ибрайхан и К ЛТД» серіктестігінің нысаны 2020

беріледі. Мысалы, кешен өткен жылы сұрыптаудың көмегімен тұрмыстық қалдықтан 115 тонна шикізат алды, — дейді «Қызылорда Тазалығы» ЖШС-нің эколог маманы Жанарбек Шаһинбеков.

Облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, аймақта 145 полигонға жер учаскесі белгіленгенімен, оның тек 7-і ғана экологиялық талаптарға сәйкес келеді. Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2013



жылы іске қосылды. Полигонның негізгі қызметі — қаладан шыққан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау. Өткен жылы құзырлы мекеменің рұқсатымен арнайы нысан және жарамсыз қалдықты көметін аймақ ашылды. Мұнда күніне 200 тоннадай тұрмыстық қатты қалдық келіп түседі. Сұрыптаудан өткен пластик, шыны, металл қалдықтар арнайы орындарға жеткізіледі, — дейді облыстық экология департаментінің бас маманы Ахметжан Сағындықов.

Ол қалдықты өңдеуден гөрі сұрыптау экологияға пайдалырақ екенін айтты. Сондай-ақ осы кезге дейін экологтар осы мәселені көтеріп, өткен жылы министрлік бұл өзгерісті қолға алғанын да жасырмады.

Расымен бұл қоқыс полигондарының пайдасы аз емес. Бұл нысандар табиғат тазалығын сақтаумен қатар тұрмыстық қалдықтан тиімді арылуға ыңғайлы. Десе де әлі де мұндай нысанның қатарын арттыру немесе жұмыс күшін көбейту керек-ақ. Осыған байланысты басқарма әкімдікке өздерінің арнайы ұсынысын білдірде.

Мысалы ресейлік құрылғылардың көмегімен тұрмыстық қалдықты сұрыптайтын «Ибрайхан и К ЛТД» серіктестігінің қоқыс полигонына күн сайын 180-200 тонна қоқыс әкелінеді. Дегенмен 40 жұмысшы жұмыс істейтін

жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлы-ғымен бекітілген «Жасыл экономикаға көшу» жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес 2030 жылға қарай тұрмыстық қатты қалдықтардың сұрыпталуы мен өңделу үлесін 40 процентке жеткізу, тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру нысандарын 95 процент экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру жоспарланған.

Басқарма бүгінде тазалықтың сақталуы мен заң талаптарының бұзылмауын қалағалаумен белсенді айналысуда. Мәселен, биыл геопортал жүйесі бойынша ғарыштық мониторинг арқылы космостық бейнелерді зерделеудің көмегімен Қызылорда қаласынан 50 шақырым радиус аумағында 100 рұқсатсыз қалдық орындары анықталып, жою жұмыстары жүргізілген.

Ендігі мақсат — жаңа жоба мен заңнамаға сәйкес әр елді мекеннің халық саны өсімін есептей отырып бірнеше үлгіде полигон жобаларын жасап, әр аумаққа орналастыру. Ол жерге жеткізілген тұрмыстық қалдық сұрыптаудың нәтижесінде шикізат көзіне айналары сөзсіз. Міне, осы жоспардың барлығы жүйелі жүзеге асса қоршаған ортаның жағдайы жақсарып қалатыны анық.

А.НҰРАЗҒАЛИ
(суреттер авторлық)

БАЙҚАУ

«ОСЫДАН ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫН»

ЕСТЕЛІКТЕР БАЙҚАУЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясы «Қызылорда қалалық мәслихаты» аппаратымен бірлесіп «Осыдан отыз жыл бұрын» тақырыбында естеліктер байқауын жариялайды.

Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы бір ауыз сөзді естігенде сіздің есіңізге қандай естеліктер түседі? Әрине, тәуелсіз елдің 30 жылы тұтас мемлекеттің бір бөлшегі саналатын адамдар өмірімен сабақтас. Тәуелсіздік сізге қалай әсер етті, өміріңізге қандай өзгеріс әкелді? «Осыдан отыз жыл бұрын» естеліктер байқауының мақсаты да ел жетістігін қарапайым тұрғындар өмірімен байланыстыру. Байқауға тәуелсіздік дегенде көз алдыңызға келетін естеліктермен бірге альбомыңыздан сол уақыттың куәсіндей болған фотоларды қоса жолданың...

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Тәуелсіздік жылдарында болған елеулі сәттерді ел есінде қайта жаңғырту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының тұрғындарға әсері, ел болашағына деген сенімі мен үмітін, сол кездегі көңіл-күйді естеліктер және фотолармен қоса жариялау.

БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТІ

Көпшілік оқырманның шығармашылық ізденісін арттыру. Тәуелсіздіктің игіліктерін әрбір оқырманға сезіндіру.

БАЙҚАУ ШАРТЫ

«Осыдан отыз жыл бұрын» атты айдармен тәуелсіздік тұсындағы жеке өміріңізде, отбасыңызда болған қызықты оқиғаларды суретпен бірге «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына жолдау.

Материалдар осы жылдың 1-ші қарашасына дейін қабылданады.

БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ

Байқауға ұсынылған материалдар Microsoft Word түрінде жолдануы қажет. Естелік көлемі 14 шрифтпен, 1,0 интервалмен жазылуы тиіс. Жолданатын естелік көлемі 3 беттен (А4 форматты қағаз) аспау керек.

Бір қатысушы бір ғана материал жібере алады.

Шығармалар қазақ тілінде қабылданады. Байқауға Қызылорда облысының кез келген оқырманы қатыса алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Байқау қорытындысы тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі. Газет бетіне шыққан естеліктер топтастырылып, арнайы жинақ болып шығады.

Байланыс номері: 40-11-10

Эл почта: akmeshit.kz@mail.ru



Рухани жаңғыру – ұлттық мұраларымызды қастерлеп, ұрпақ санасында ұлықтаудың негізгі тетігі. Бүгінгідей алмағайып заманда қызылды-жасыл көз арбап, санамызды ұлап жатқаны соншалық, өткенімізге зер салуға құлық танытпаймыз. Алайда мемлекеттің басты байлығы адам деп қарасақ, адамның тұлға болып қалыптасуына құнды қонне қолжазбалар мен жәдігерлер оң әсер етері хақ. Тарихын танып өскен елден ұлтын сүйетін ұлағатты ұрпақ тарайтыны белгілі.

Бүгінгі күн – ертенгі тарих. Ал қатпарлы тарих бетінде таңбаланған ғасырлар қойнауы ғажайыпқа толы кешегі күннің куәсі. Халқымыздың асыл мұраларын көздің қарашығындай қастерлеп, келешек ұрпаққа аманаттау жолында тарихи-өлкетану мұражайының орны ерекше. Мұражайға келген әрбір адамның көкірегің түрлі сауал тербеп тұрады. Сонау ғасырлар қойнауынан иенем құдық қазғандай әрбір экспонатты көз майын тауысып зерттеп-зерделеп, мұражай төріне табыстау үлкен еңбекті қажет етері хақ.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы алғаш рет Қазақ ССР Жоғарғы Советі президиумының ұйымдастыру комитетінің шешімімен 1939 жылы құрылған. Сол кездегі музейдің ең құнды экспонаттары – батыр дулығасы, сауыт, 1853 жылы Ақмешіт бекінісін алуда пайдаланылған зеңбірек ұғығылары, Ұлы Жібек жолының сауда нүктелерінде айналымда болған ақша коллекциясы.



МУЗЕЙ – МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР ЖАСАЛУДА?

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында музейде «Ұлы даланың жеті қыры», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақалалар негізінде түрлі танымдық шаралар ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар «Тарихи тұлғалар», «Бұл үйде кім тұрған?», «Бір жәдігер тарихы», «Сіз білесіз бе?» айдарлары бойынша кезінде елімізде жұмыс жасаған тарихи орны бар зауыт, фабрикалар, кәсіпорындар туралы түрлі тарихи құнды мәліметтер халыққа кеңінен таныстырылып келеді. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Сыр өңірінен шыққан әулие-әнбиелер, билер мен батырлар туралы насихаттау және олардың тұтыңған дүниелерін халыққа көрсету мақсатында «Құнды жәдігер» теле-визуалдық жобасы қолға алынды. Сондай-ақ музей қорында сақтаулы жәдігерлерді насихаттау және әр жәдігердің тарихынан, оқиғалық желісінен, жасалу технологиясынан, авторларынан мәлімет беру мақсатында «Музей радиосы» атты жаңа жоба жұмыс жасауда.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Үш он жылдық белес» атты экскурсиялар шеруі, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 экспонат» атты ашық аспан астындағы музейге сый акциясы ұйымдастырылды. Аталмыш акция аясында журналист Айжарық Сәдібекұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қарақөз Ақдәулетова, еңбек ардагері, оқу ісінің үздігі Жұпаркүл Иманбаевалардың қолданған бұйымдары музей қорына қабылданды. Мұның барлығы тарихи жәдігерлеріміздің толысқанын көрсетеді.

МҰРАЖАЙ – ДӘСТҮР ДІНГЕГІ

Біздің бай қазынамыздың бірі де, бірегейі мұражай қоры. Көне тарих куәсіндей жәдігерлер қоры облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы. Мұражай – халықтың тұрмыс-салтының, мәдениеті мен тарихының, әдебиеті мен руханиятының шыршақшысы, дәстүр дінгегі. Мұндағы құнды жәдігерлер өскелең ұрпақтың тарихын терең тануына өз септігін тигізеді. Мұндағы мәдени құндылықтар төріндегі ескерткіштер мен өнер туындылары тарих тұлғасына тұнып тұр. Түртпін қалсаң тереңнен тін тарқатып, ескі замандардан сыр шертеді.



Мұражайда алғаш назарымызды аударған жәдігердің бірі – әйел әшекейлері. Ол 2016 жылы Үлкен Қаратау жотасының батысында Шиелі ауданы тұсындағы Ақмылтық өзенінің сол жағалауында орналасқан «Бағаналы» қорымынан табылған. Б.з.д. 2 мыңжылдықтың ортасында яғни Андров кезеңі, қола дәуірінің тұсында болған әйел сүйегінің қасынан қолдан жасалған білезік, теңіз бақалшығы, бас киімге арналған алтын жапсырмалар. Бұл мұражай қорындағы ең ежелгі жәдігер болып танылады.



Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған аң стиліндегі алтын әшекейді де осында кездестірдік. Соның бірі 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Шірік-Рабат» қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жолбарыс табаны бейнесіндегі бұйым. 2005 жылдан бастап орта ғасырлық қалашықтарға қазба жұмысы жүргізіліп келеді. Нәтижесінде 2015



жылы Оғыз астанасы Жанкент қаласынан сырлы құмыра табылды. Археологтардың айтуынша, Хорезмнен әкелінугі мүмкін деген болжам бар. Құмыраның астыңғы жағында арап қарпінде жазылған мың ділде деген сөз бар. Демек оған мың ділде салынып әкелінді немесе сол бағада сатылған болуы керек. Өйткені ол замандарда сауда айналымы көп болған.

Біз кезіктірген тағы бір құнды жәдігер 2001 жылы Арал теңізінің табанынан алынған диірмен. Еуропадағы жел диірменінің баламасы болуы ықтимал деген болжам айтылууда. Көне жәдігердің көлемділігі соншалық, оны түйе немесе өгізбен сүйреу арқылы жүзеге асырған. Мәліметтер дерегіне сүйенсек, теңіз табанында бес ғасыр бойы сол қалпында сақталған.

Мұражай төріндегі құнды жәдігердің бірі – алтын домбыра. Айтыс ақтангері Мұхтар Ниязовтың енісіне бұйырған бұл мұра облыстық мұражайда сақтаулы.

ДИРЕКТОРДЫҢ ДЕРЕГІ

– 1980 жылы облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша музейге 1953 жылы салынған қаладағы архитектуралық ескерткіштердің бірі болып табылатын екі қабатты ғимарат беріліп, сонда өз жұмысын бастады. 2015-2016 жылдары музейге рәзекспозициялық жұмыстар жүргізіліп, экспозиция толығымен жаңартылды. Рәзекспозициялық жұмыстар нәтижесінде музейдің 11 экспозициялық залы заманауи үлгіде жасакталып, жаңартылды. Сыр өңірінің ежелгі дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихынан сыр шертетін музей қорында 60 мыңға жуық экспонат сақтаулы.



Өлкеміздің құрылуы, тарихы, өнеркәсібі мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін 11 залда 4502 экспонат бар.

Мұражай – рухани құндылықтарды сақтап, көне замандардан тамыр тартқан құнды қазына. Мұндағы әрбір жәдігер елдің өт-

кен тарихы үшін, тіпті мемлекет үшін маңызды. Атадан балаға аманатталып, көнеңің көзін көрген тарихи жәдігерлер игілігі халыққа ортақ болғаны абзал. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы руханият әлемінің көкжиегін кеңейтіп, мәдени мұралардың маңыздылығын айқындай түсті. Тарих қойнауында бұғып жатқан мәдени мұралар баршылық. Қазіргі таңда музей қорында 10 мыңға жуық экспонат бар. Көне тарихтың куәсі болған жәдігерлер көздің қарашығындай сақтаулы. Зерттеу жұмысы әлі де жалғасып жатыр. Тарихи-өлкетану музейі – тұтас ұлт руханиятының келбетін, ғасырлар шежіресін жан-жақты зерттеп, дәріптейтін құтты мекен. Адамдардың өткен өміріне қатысты түрлі мәліметтерді «тарихи деректер» деп атаймыз. Өз кезегінде тарихи деректер ауызша, жазбаша, археологиялық, этнографиялық және антропологиялық болып бөлінеді. Соның ішінде ауызша және жазбаша деректердің орны ерекше. Түрлі халықтардың әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігін зерттейтін ғылымды – этнография деп атайды. Этнография гректің этнос – «халық», графия – «жазу, үйрену» сөздерінен құралып, «халықтар сипаттамасы» деген мағынаны мензейді. Осы орайда айта кететінін жайт, археологиялық зерттеулер арқылы әр елдің өзіне тән салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктері туралы

мәліметтер мұражай қорында сақтаулы. Қордағы дүниелердің қайсыбірі болсын, ұлт пен ұрпақ алдындағы ұлы құндылық саналары анық. Ол өз кезегінде тарихты танып білуге түрткі болары хақ, – дейді облыстық мұражай директоры Сапар Көзейбаев.

Тілші түйіні

Иә, өткеніміз – өсиет, бүгінгіміз – бағдар, ертеніміз – еңселі. Оған қазақтай қастерлі халықтың тарихнамасы дәлел. Байырғы бабаларымыз жүріп өткен сүрлеу соны айғақтайды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Суретгі түсіген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



THE WALL STREET JOURNAL.

WikiLeaks: Шындықтың өтеуі – ЖАЗА

«Түрмеле Джулиан Ассанждың денсаулығы сыр берді. Жауапты дәрігер тұтқын депрессия мен аутизмге шалдықты деген диагноз қойып, жағдайды сотқа жеткізді. Алайда сот тілшіге денсаулығына байланысты рақымшылық жасау өтінішті кері қайтарды. Ал куәгерлер болса, түрмедегі ахуалдың нашарлығын айтып, тиісті органға шағымданған болатын. Тұтқынды мұндай жағдайда ұстау ел ішінде «арнайы әкімшілік шара» деп аталып кеткен. Ол адамға психикалық соққы жасаудың бір тәсілі».



Осы орайда тілшіні екі жыл азапты түрмеге тоғытып, 175 жылға қамау үкіміне ұшыратқан «WikiLeaks» сайты туралы айтайық. «WikiLeaks» ұйымы 2010-2011 жылдары ресми сайтына Ирак пен Ауғанстандағы қанды қырғын туралы бейнежазба, сурет, құжаттарды жариялап, әлемнің «көзін ашып» келді. Тіпті тілші «WikiLeaks» жобасын саяси журналистиканы дамыту, адам құқығын қорғау, құқықбұзушылықты тоқтату, қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін жасағанын бірнеше рет дәлелдеп берген. Сондай-ақ сайтта жарияланған құпия ақпараттардың зерттелу деңгейін бағалаған қарапайым халық та тілшілердің ізденісі кәсіби ізкесу ұйымынан кем нәтиже бермегеніне көз жеткізген-тұғын. Еуропадағы қоғамдық ұйымдар мен халықтың Ассанжды ақтауға ұмтылу себебі де осы еді.

Біз де көпті дүрліктірген «WikiLeaks» ұйымының ресми сайтына көз жүргізіп, ішкі құрылым мен ақпараттық ресурсын бағамдап көрдік. Әділдік үшін айтайық, сайттың ақпарат беру тәсілі мен нақты деректерді мысалға келтірудегі батылдығы таңдай қақтырады. Сайтта Рим папасының таққа таласқаны растайтын хат, АҚШ әскерілерінің Ирак пен Ауғанстандағы кісі өліміне қатысын дәлелдейтін бейнежазба, әскери бюджет есебі, мемлекеттік сатып алу жүйесінің жасырын мәліметі секілді аса құпия ақпараттар легінен көз сүрінеді. Мақалаларға тұздық болған карикатураның өзі бір төбе. Джулиан Ассанждың тұтқынға алынуына байланысты соңғы шығарылымы екі жыл бұрын ғана жарияланған сайттың қаралым деңгейі толастар емес.

Жалпы қоғамның жүйе мен өзгеріске бейім-делу мерзімі жылдам өтеді. Сайтты бақылау барысында бұған тағы бір көз жеткізгенді болдық. Ұйымдастырушылар қорқыныш пен қауіптен түрлі ұйымдар мен бағдарламалардың көмегіне жүгінген екен. Соның ішінде «WikiLeaks»-ке байқалмай ғаламторға кіруге арналған «Tor» веб шолғышы (браузер), ғаламның әр түрлілерінен өз оқиғасын баяндайтын «Sourcefunder» порталы секілді мүдделес жобалар серіктес болған. Мұны сайттағы сілтемеден аңғаруға болады.

Еркін қоғамда шындықты айту, зұлымдықты әшкерелеу батырлыққа пара-пар екені анық. Алайда ол ерліктен елдің тыныштығына зақым келсе, қауіп көзіне айналмақ. Көпшілік әділдігі үшін Джулиан Ассанждың құрметтегенімен, бір бөлігі аса құпия мәліметтердің қарапайым тілшінің қолына тигенінен күдіктенеді. Ондағысы, бірнеше сатылы қорғаныс жүйесі бар нысанда сақталатын деректің табылу тарихы. Тілші ешбір құпия мәліметтің қайдан алынғанын, кімнің бергенін атаған емес. Содан болар, құқық қорғау мамандары «WikiLeaks» жобасын жасырын ұйымдардың, мүмкін кей мемлекеттің құйтырқы амалы болуы мүмкін екенін айтуда. Мәселен, ғаламторда Ауғанстан әскерілерінің озбыр әрекеті туралы дерек жарияланғалы АҚШ қоғамы арасында Таяу Шығыстан әскер шығару идеясын қолдаушылар көбейген. Ал қаржы есептері салдарынан көп мемлекет әскери бюджет көрсеткішін тұрақты түрде халық назарына ұсынып отырады.

Жасыратыны жоқ, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кейбір заңсыз шешімдер мен құпия жобалардың жүзеге асатынын шындық. Оны қоғамдық деңгейде талқылау, мәліметтерді жария ету қай тарапты болмасын жақсылыққа жетелемейді. Джулиан Ассанждың ауқымды жоба арқылы саяси журналистиканы жаңа деңгейге көтеріп, ақпаратты талдау, адам құқығын қорғау ісіне ерекше ықпал жасағанымен, еларалық толқу мен қоғамдық алауыздыққа түрткі болуының сыры да осы. Сондықтан бұл жолғы тілшінің жазасы қылмыстың емес, шындықтың өтеуі болмақ.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Еркін ШАМШАДИН

Меншік несі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлі басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 4240 Тапсырыс №992
---	--	--	---	---